

«Бекітемін»
Мектеп директоры
А.Тунгушбаев
А.Тунгушбаев

Аудандық білім бөлімінің № 429 хатына сәйкес «Отбасы тәрбиесі» бағытында 8 қыркүйек- 15 қыркүйек аралығында айлық іс-шаралар жоспары

№	Өткізілетін іс-шара	Мерзімі	Орындаушы	Жауапты	Аяқталу нысаны
8 қыркүйек-Отбасылық дәстүрлер: тарихты сақтау, болашақты құру					
1	«Отбасы», «Отбасы деген не?», «Отбасы құндылықтары » тақырыптарында сынып сағаттар өткізу	08.09.2025	Сынып жетекшілер	ДТЖЖО М.Нурманова Г.Абдугаппарова	Суреттер
2	«Отбасы бақыт мекені -2025» байқауы	08.09.2025	Ұйымдастырушы педагог А.Үсенбаева	ДТЖЖО М.Нурманова Г.Абдугаппарова	хат Ереже хаттама
3	Отбасы құндылықтары- кеше, бүгін, ертең тақырыбында бейне ролик көрсету	08.09.2025	Психолог О.Залова Ж.Жұмағұлова	ДТЖЖО М.Нурманова Г.Абдугаппарова	Суреттер
9 қыркүйек «Отбасыны жоспарлау»					
3	«Бақытты,үлгілі отбасы» мүшелерімен кездесулер өткізу	09.09.2025	ҚББП А.Болатбекова	ДТЖЖО М.Нурманова Г.Абдугаппарова	Бағдарлама хаттама
4	Балалар құқықтарын және мүдделерін қорғау бойынша тақырыптық дөңгелек үстел өткізу	09.09.2025	Тәлімгер Д.Байтасова	ДТЖЖО М.Нурманова Г.Абдугаппарова	Бағдарлама хаттама
5	«Әкем,анам және мен » спорттық жарыстар ұйымдастыру	09.09.2025	Дене шынықтыру мұғалімдері	ДТЖЖО М.Нурманова Г.Абдугаппарова	хаттама

10 қыркүйек «Саналы ата-ана»					
6	Балалардың арасында құқықбұзушылықтың алдын алу, бала еңбегінің болдырмау және нашакорлық пен қанғыбастықтың алдын алу бойынша оқушылар мен ата-аналардың қатысуымен дөңгелек үстел өткізу	10.09.2025	Ұйымдастырушы пед. А.Үсенбаева Психолог О.Залова Медбике Ж.Жарылқасынова	ДТЖЖО М.Нурманова Г.Абдугаппарова	хаттама
7	Психологтарды тарта отырып оқушылардың ата-аналарымен кездесулер өткізу, ата-аналардың сауаттылығын арттыру мақсатында сауалнамалар мен жадынамалар тарату, пікіралмасулар өткізу	10.09.2025	Психологтар О.Залова Ж.Жұмағұлова	ДТЖЖО М.Нурманова Г.Абдугаппарова	хаттама
8	Бала еңбегінің алдын алу бойынша күндізгі және түнгі рейдтік шаралар ұйымдастыру, ата-аналар жиналыстарында кеңінен талқылау	10.09.2025	Сынып жетекшілер Психологтар	ДТЖЖО М.Нурманова Г.Абдугаппарова	хат Ереже хаттама
11 қыркүйек «Дені сау ұрпақ»					
9	Жетім балалар мен қамқорлықсыз қалған балалар, денсаулық- мүмкіншілігі шектеулі балалар үшін отбасылық күніне арналған қайырымдылық акциялар, жәрменкелер мен қайырымдылық концерттер ұйымдастыру	11.09.2025	Әлеуметтік педагогтар Б.Қамбаева А.Әбиев	ДТЖЖО М.Нурманова Г.Абдугаппарова	хат Ереже хаттама
10	«Денсаулық бұрыштарын» орнату жарыстарын ұйымдастыру	11.09.2025	Дене шын. педагогтары	ДТЖЖО М.Нурманова Г.Абдугаппарова	хат Ереже хаттама
11	«Отбасы бақыт мекені» тақырыбында әдеби-сазды сахналық қойылымдар байқауын өткізу	11.09.2025	ҚББП А.Болатбекова Үйірме жетекшілері	ДТЖЖО М.Нурманова Г.Абдугаппарова	хат Ереже хаттама
12 қыркүйек «Мықты отбасы- мықты мемлекеттің кепілі»					
12	«Отбасы бақыт мекені» балалардың	12.09.2025	Ұйымдастырушы	ДТЖЖО	хат

	шығармашылық байқауы (ән,көркемсөз)		педагог А.Үсенбаева	М.Нурманова Г.Абдугаппарова	Ереже хаттама
13	Әжелер алқасы, Аналар кеңесінің қатысуымен қыздар жиналысын өткізу.	12.09.2025	ДТЖЖО М.Нурманова Г.Абдугаппарова	ДТЖЖО М.Нурманова Г.Абдугаппарова	хаттама
15 қыркүйек – «Отбасылық әл-ауқат»					
14	Мектеп кітапханасында «Отбасымнан артық не болуы мүмкін» тақырыбында бұрыш ұйымдастыру, отбасы туралы кітаптарды оқу апталығын өткізу	15.09.2025	Кітапханашы Г.Сариева	ДТЖЖО М.Нурманова Г.Абдугаппарова	Хаттама, суреттер
16 қыркүйек – «Отбасы бақыт мекені» Аудандық отбасылық байқауы					

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрлігі
№2 Ж.Жабаев атындағы бастауыш мектебі

«МЕРЕЙЛІ ОТБАСЫ – 2025»

Дайындаған: Усеинбаева А.У.

2025-2026 оқу жылы

«МЕРЕЙЛІ ОТБАСЫ – 2025»

1-бөлім. Кіріспе

Жүргізуші 1:

Армысыздар, қадірлі ұстаздар, ата-аналар, қонақтар!
Бүгінгі «Отбасы – бақыт мекені-2025» мектепшілік байқауына қош келдіңіздер!

Жүргізуші 2:

Иә, отбасы – адам өмірінің алтын дінгегі, мейірім мен қуаныштың, шаттық пен берекенің ордасы.

«Отан – отбасынан басталады» деп халқымыз тегін айтпаған.

Жүргізуші 1:

Бүгінгі байқаудың мақсаты – ата-аналар мен балалардың шығармашылық қабілетін шыңдау, отбасы құндылықтарын дәріптеу.

2-бөлім. Қазылар алқасын таныстыру

Жүргізуші 2:

Отбасыларымыздың өнерін бағалайтын қазылар алқасын қарсы алыңыздар!
(Әр қазыны аты-жөнін атап, қошеметпен таныстыру)

1. Мектеп директоры: Тұңғышбаев Ахан Алтынбекұлы – қазылар алқасының төрағасы
2. ДТЖЖО: Нурманова Меруерт Шаймарденқызы
3. Педагог-психолог: Залова Оразкүл Мәжітқызы

3-бөлім. Байқау шарттарына кезек беру

Жүргізуші 1:

Құрметті көрермен, байқау 3 турдан тұрады:

1. «Өзін-өзі таныстыру» – ән, би, монолог түрінде.
2. «Отан отбасынан басталады» – қойылым (комедиялық, драмалық немесе әдеби-сазды).
3. «Отбасымның таланттары» – қолөнер, аспаздық, өнер, шығармашылық шеберлік.

1-ТУР: «ӨЗІН-ӨЗІ ТАНЫСТЫРУ»

Жүргізуші 2:

Алғашқы кезеңде әр отбасы өздерін таныстырып өтеді. Ән шырқап, би билеп, шағын монолог орындап, өнерлерін ортаға салады.

(Әр отбасы шығып, 3-5 минуттық таныстыру жасайды).

2-ТУР: «ОТАН ОТБАСЫНАН БАСТАЛАДЫ»

Жүргізуші 1:

Бұл турда отбасылар сахналық қойылым көрсетеді.

Қазақтың «Ырыс алды – ынтымақ» дегеніндей, әр отбасы шағын драма, комедия немесе

әдеби-сазды көрініс арқылы өз ойларын білдіреді. (Әр отбасы 5-7 минуттық шағын қойылым қояды).

3-ТУР: «ОТБАСЫМНЫҢ ТАЛАНТТАРЫ»

Жүргізуші 2:

Ал соңғы кезең – өнер сайысы!

Бұл турда отбасылар қолөнерін, аспаздық шеберлігін, шығармашылық өнерін көрсетеді.

(Әр отбасы өз өнерлерін ортаға салады. Мысалы: әке домбыра шертіп, ана тағам таныстырып, балалар би билейді немесе сурет салады).

4-бөлім. Қорытынды

Жүргізуші 1:

Міне, құрметті қонақтар, әр отбасы өнерін паш етті. Ендігі сөз – қазылар алқасында.

(Қазылар өз бағасын береді, жеңімпаздарды анықтайды).

Жүргізуші 2:

Жеңімпаз отбасыларды марапаттау рәсіміне кезек береміз.

(Марапаттау рәсімі – диплом, сыйлық тапсырылады).

Қорытынды сөз

Жүргізуші 1:

Отбасы – шағын мемлекет. Әр шаңырақтағы береке – еліміздің мерейі.

Жүргізуші 2:

Бүгінгі «Мерейлі отбасы» байқауы баршаңызға шаттық сыйлады деп сенеміз.

Келесі кездескенше, аман болыңыздар!

Мексеріңді
Ан/2

№2 Ж.Жабаев атындағы
бастауыш мектебінде
отбасы күніне орай өтілген
іс-шараның

М Ә Л І М Е Т І

2025 жылдың 15 қыркүйек күні «№2 Ж.Жабаев атындағы бастауыш білім беретін мектеп» КММ-де «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында, аудандық білім бөлімінің №429 санды хатына сәйкес, «Отбасы тәрбиесі» бағыты бойынша өткен айлық іс-шара жоспарына сай отбасылық өнер байқауы ұйымдастырылды.

Байқау 3 кезеңнен тұрды:

1 «Өзін-өзі таныстыру» (ән, би, монолог)

2 «Отан – отбасынан басталады» (сахналық қойылым: комедиялық, драмалық, әдеби-сазды)

3 «Отбасымның таланттары» (қолөнер, аспаздық, шығармашылық өнер)

Жалпы байқауға 8 отбасы қатысып, өз өнерлерін ортаға салды. Нәтижесінде Сейдалиевтер отбасы бас жүлдені жеңіп алып, 17 қыркүйек күні өтетін аудандық байқауға жолдама алды.

Әділқазы алқасының төрағасы, мектеп директоры А.А. Тунгушбаев барлық ата-аналарға ризашылығын білдіріп, аудандық кезеңге жолдама алған Сейдалиевтер отбасына сәттілік тіледі.

Дайындаған: Усенбаева А.У.



Аудандық білім бөлімінің
№429 санды хатына сәйкес
атқарылған жұмыстың

МӘЛІМЕТІ

2025 жылдың 17 қыркүйек күні аудандық «Отбасы – бақыт мекені» тақырыбында аудандық байқау өткізілді. Байқауға «№2 Ж.Жабаев атындағы бастауыш білім беретін мектеп» КММ атынан Сейдалиевтер отбасы қатысып, өз өнерлерін ортаға салды.

Нәтижесінде Сейдалиевтер отбасы жүлделі ІІІ орынға ие болып, мектеп абыройын асқақтатты.

Бұл жетістік – отбасының бірлігі мен өнерінің, ынтымақтастығы мен шығармашылығының жемісі.

Дайындаған: Усенбаева А.У.



№2 Ж.Жабаев атындағы
бастауыш мектебінде
Отбасы күніне орай
«Отбасымнан артық не болуы мүмкін?»
тақырыбындағы оқу бұрышының

МӘЛІМЕТІ

Мектебімізде «Отбасы тәрбиесі» бағытында өткен айлық іс – шара жоспарына сай мектеп кітапханасында «Отбасымнан артық не болуы мүмкін» тақырыбында бұрыш ұйымдастырылып, отбасы туралы кітаптарды оқу апталығы ата - аналардың қатысуымен өткізілді. Мақсаты: отбасылық байланыстарды нығайту, өскелең ұрпаққа отасы тәрбиесінің маңызын түсіндіру. Кітапхана мен оқырман арасындағы байланысты нығайту.

Дайындаған: Г.Сариева

Отбасымнан артық не болуы мүмкін?



Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрлігі
№2 Ж.Жабаев атындағы бастауыш мектебі

Әкем, анам және мен

(Отбасылық спорттық сайыс)

Дене тәрбиесі пәні мұғалімдері: Ж.Абишев
Е.Дүйсенбекұлы
Е.Торбеков

2025-2026 оқу жылы

«Әкем, анам және мен»

Мақсаты:

Отбасындағы татулық пен бірлікті нығайту;
Денсаулықты сақтау мен салауатты өмір салтын насихаттау;
Балалар мен ата-аналар арасындағы өзара ынтымақтастық пен сенімді
арттыру;
Жарыс арқылы шынығу, шыдамдылық, ұйымшылдық қасиеттерін дамыту.

Өтетін орны: Спорт залы

Қатысушылар: 1 бала + анасы + әкесі

Ұйымдастырушы: Дене шынықтыру мұғалімі, сынып жетекшілер

Бағдарламаның барысы:

1. Кіріспе бөлім (10 минут)

Жүргізуші 1:

Қайырлы күн, құрметті ұстаздар, ата-аналар және жас спортшылар!
Бүгін біз «Әкем, анам және мен – спорт сүйер отбасы!» атты көңілді
эстафеталық жарыста бас қосып отырмыз.

Жүргізуші 2:

Бұл сайыс – тек жарыс емес, отбасының ұйымшылдығын, мықты рухын,
салауатты өмірге деген сүйіспеншілігін көрсететін ерекше мереке!

Ән: “Денсаулық – зор байлық” (оқушылардың орындауында)

Жүргізуші 1:

Сонымен, жарысымызға қатысушы отбасыларды қошеметпен ортаға
шақырамыз!

(Әр отбасы өз атауын айтып, ұранын орындайды – 1 минуттан.)

2. Негізгі бөлім — Эстафеталық жарыстар

1-кезең: «Жүгір де, жеткіз!»

Әке допты аяқтың арасына қысып жүгіріп, конусты айналып келеді.

Анасы кегль арасынан жүгіріп өтеді.

Бала секіртпемен айналып келеді.

→ Уақытпен бағаланады.

2-кезең: «Отбасы шеберлері»

Үш адам бірге жүреді (қол ұстасып).

Бір нүктеден келесіге дейін барып, артқа қайтады.

Жолда бір кегльді айналып өту қажет.

3-кезең: «Кім жылдам?»

Бала допты кедергілер арасынан домалатып жеткізеді,

Анасы оны артқа әкеледі,

Әкесі допты дәлдікке лақтырады (шеңберге).

4-кезең: «Достық көпірі»

Отбасы мүшелері қолдарын ұстап, газеттің үстінен түспей, соңғы нүктеге жетуі тиіс. Кім газет шетінен шықса – қайта бастайды.

(Ұйымшылдық пен тепе-теңдік бағаланады.)

5-кезең: «Тапқыр отбасы» (интеллектуалдық сәт)

Жүргізуші қысқаша сұрақтар қояды:

1. Дене шынықтыру не үшін қажет?

2. Денсаулықты қалай сақтаймыз?

3. Бір күнде неше рет жаттығу жасауға болады?

(Дұрыс жауапқа +1 ұпай.)

6-кезең: «Серпінді отбасылар»

Әке арқасына баланы мінгізіп жүгіреді,

Анасы қол шапалақтап дем береді, соңында орын ауыстырады.

→ Көңілді музыкамен өтеді.

3. Қорытынды бөлім (10–15 минут)

Жүргізуші 1:

Міне, жарыс та өз мәресіне жетті! Енді әділқазылар алқасы жеңімпаздарды анықтағанша, көрермендерге сөз береміз.

Оқушының орындауында: «Анашым» немесе «Әкем менің» әні.

Жүргізуші 2:

Отбасымен бірге өткізген әрбір сәт – баға жетпес байлық.

Бүгін жеңілген отбасы жоқ – бәрі де жеңімпаз!

Қорытынды:

Жүргізуші 1:

Бүгінгі “Әкем, анам және мен” сайысы – біздің бірлігіміздің, денсаулығымыздың мерекесі!

Жүргізуші 2:

Әр шаңырақта шағтық пен салауаттылық орнасын! Келесі кездескенше!

Мексерізді
09.09.2025
Андрей

№2 Ж.Жабаев атындагы бастауыш мектепте Отбасы күніне орай «Әкем, анам және мен» тақырыбында өтілген іс – шарадан көріністер



№2 Ж.Жабаев атындағы
бастауыш білім беретін мектепте
«Әкем, анам және мен» тақырыбында
өтілген эстафеталық жарыстың

М Ә Л І М Е Т І

Мақсаты: Отбасындағы татулық пен бірлікті нығайту, салауатты өмір салтын қалыптастыру және ата-аналар мен балалар арасындағы өзара сыйластықты арттыру.

«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы ясында 2025 жылдың 9-қыркүйек күні дене шынықтыру пәні мұғалімдері Ж.Абишев, Е.Төребеков, Е.Дүйсенбекұлының ұйымдастыруымен «Әкем, анам және мен» тақырыбында отбасылық эстафеталық жарыс өткізілді.

Эстафета барысында отбасылар түрлі спорттық кезеңдерде бақ сынады:

- 1.«Жүгір де, жеткіз!»
- 2.«Достық көпірі»
- 3.«Кім жылдам?»
- 4.«Отбасы шеберлері»
- 5.«Тапқыр отбасы»
- 6.«Серпінді отбасылар»

Іс-шара көңілді, ұйымшылдық пен достық атмосферада өтті. Көрермендер қатысушыларды қызу қолдап, отбасылар өздерінің жылдамдығын, ептілігін және бірлігін көрсетті.

Нәтижесі: Қазылар алқасының шешімі бойынша жеңімпаздар төмендегідей анықталды:

- Бас жүлде – Сейдалиевтер отбасы
I орын – Әнуаровтар отбасы
II орын – Амангелді отбасы
III орын – Нағашбековтар отбасы

Барлық қатысушыларға алғыс хаттар мен естелік сыйлықтар табысталды.

Дайындаған:

Дене тәрбиесі пәні мұғалімдері
Ж.Абишев
Е.Төребеков
Е.Дүйсенбекұлы

**№2 Ж.Жабаев атындағы бастауыш мектебінде Отбасы күніне орай
өткізілген іс – шарадан көріністер**



№2 Ж.Жабаев атындағы
бастауыш мектебінде
Отбасы күніне орай
«Отбасы тәрбиесі» бағытындағы
іс –шараның

М Ә Л І М Е Т І

Мектебімізде «Отбасы тәрбиесі» бағытында өткен айлық іс –шара жоспарына сай мектебімізде бақытты, үлгілі отбасы мүшелерімен кездесу ұйымдастырылды. Мақсаты: отбасылық байланыстарды нығайту, өскелең ұрпаққа отбасы тәрбиесінің маңызын түсіндіру. Кездесуге Сейдалиевтер отбасы, Әнуарбековтер отбасы және Амангелдиевтер отбасылары қатысып, үлгілі, өнегелі, ғибратты әңгімелерін айтып көпке үлгі бола білді.

Дайындаған: А.Болатбекова

№2 Ж.Жабаев атындағы
бастауыш мектебінде
Отбасы күніне орай
«Отбасы тәрбиесі» бағытындағы
іс –шараның

МӘЛІМЕТІ

Мектебімізде «Отбасы тәрбиесі» бағытында өткен айлық іс – шара жоспарына сай «Отбасы – бақыт мекені» тақырыбында әдеби - сазды сахналық қойылымдар байқауы өтілді. Отбасы – әр адамның өміріндегі ең қымбат қазына, мейірім мен жылулық ордасы. Отбасы – сүйіспеншілік пен сыйластыққа, татулық пен бірлікке тәрбиелейтін алғашқы мектеп. Әр бала үшін ата-анасының қамқорлығы, бауырларының махаббаты – шынайы бақыттың бастауы. «Отбасы – бақыт мекені» байқауының мақсаты – оқушыларға отбасының маңызын түсіндіру, отбасындағы дәстүрлерді дәріптеу, үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсетуге баулу. Байқауда балалар өз отбасын таныстырып, өлең, ән, сурет, көрініс арқылы шығармашылық қабілеттерін көрсетеді. Сонымен қатар, сұрақ-жауап, мақал-мәтел айту арқылы ой-өрістерін дамытады. Бұл іс-шара оқушылардың өз отбасына деген мақтаныш сезімін оятып, ата-ана мен бала арасындағы байланысты нығайтуға ықпал етеді.

Дайындаған: С.Халикова

**№2 Ж.Жабаев атындагы бастауыш мектебінде Отбасы күніне орай
өткізілген іс – шарадан көріністер**




№2 Ж.Жабаев атындағы
бастауыш мектебінде
Отбасы күніне орай
«Отбасымнан артық не болуы мүмкін?»
тақырыбындағы оқу бұрышының

М Ә Л І М Е Т І

Мектебімізде «Отбасы тәрбиесі» бағытында өткен айлық іс – шара жоспарына сай мектеп кітапханасында «Отбасымнан артық не болуы мүмкін» тақырыбында бұрыш ұйымдастырылып, отбасы туралы кітаптарды оқу апталығы ата - аналардың қатысуымен өткізілді. Мақсаты: отбасылық байланыстарды нығайту, өскелең ұрпаққа отасы тәрбиесінің маңызын түсіндіру. Кітапхана мен оқырман арасындағы байланысты нығайту.

Дайындаған: Г.Сариева

Отбасымнан артық не болуы мүмкін?



АНЫҚТАМА

Күні: 10.09.2025ж

Мақсаты: Баланың жан-жақты дамуына, тәрбиесіне және тұлғалық қалыптасуына белсенді түрде атсалысатын, өз жауапкершілігін толық түсінетін, саналы тәрбие беруге ұмтылатын ата-аналармен кездесу.

Аудандық білім бөлімінің №429 хатына сәйкес "Отбасы тәрбиесі" бағытындағы іс-шаралар жоспарының "Саналы ата-ана" бөлімі бойынша оқушыларымыздың ата -аналарымен кездесіп, жадынамалар таратылып, сауалнама алынды.

"Саналы ата-ана" –Саналы ата-ана болу – бұл тек баланың материалдық қажеттіліктерін қамтамасыз ету емес, ең алдымен, оның рухани, психологиялық, әлеуметтік дамуына жағдай жасау. Мұндай ата-ана баласының қызығушылығына назар аударады, пікірін құрметтейді, оның бойындағы қабілетті ашуга көмектеседі және оң мінез-құлық қалыптастыруда үлгі болады.

Саналы ата-ананың негізгі белгілері:

- ▣ Баламен ашық, сенімді қарым-қатынас орнату;
- ▣ Тәрбиеде сабырлық пен жүйелілік сақтау;
- ▣ Бала құқығы мен еркіндігін құрметтеу;
- ▣ Отбасында сүйіспеншілік пен түсіністік атмосферасын қалыптастыру;
- ▣ Баланың оқуына, қызығушылықтарына қолдау көрсету.

Педагог-психолог: О.Залова

Ата-аналарга жадынама тарату сәтінен көріністер



АНЫҚТАМА

Күні: 08.09.2025ж

Қатысқандар: 4 сынып оқушылары

Мақсаты: Оқушылардың отбасы, жанұя туралы білімдерін шыңдай түсе, отбасы құндылықтарының маңызын дәріптеу. Оқушылардың есте сақтау, ойлау қабілеттерін, тіл байлығын, өз беттерінше жұмыс істеу дағдыларын дамыту.

Аудандық білім бөлімінің №429 хатына сәйкес "Отбасы тәрбиесі" бағытындағы іс-шаралар жоспары бойынша 4 сынып оқушыларына "Отбасы құндылықтары: кеше, бүгін, ертең!" тақырыбында видеоролик көрсетілді. Видеороликтен соң оқушыларға:Отбасы дегеніміз не? Отбасылық құндылықтар бойынша мақал -мәтелдер білесіңдер ме деген сұрақтар қойылды.

Қорытынды:

Барлық өнеге отбасынан басталады. Балаларымыздың бойына сіңген ізеттілік - дөрекілікке, қайрымдылық – қатігездікке, адалдық – арамдыққа ауыспасын деген тілекпен аяқталды.

Педагог-психолог: О.Залова

"Отбасы құндылықтары: кеше, бүгін, ертең" тақырыбында видеоролик көрсету сәтінен көріністер

